КЕҢЕС

Нұрымбет Сақтағанов:

«Нақышты баяндамадан гөрі нақты жұмыс қажет»

Айдос МЫРЗАХМЕТОВ
Екатерина СЕМИНА

Облыс әкімдігінде туризм саласын дамытуға арналған кеңес өтті. Жиынға өңір басшысы Нұрымбет Сақтағанов төрағалық етіп, күн тәртібінде жазғы туристік маусымның өту барысы, судағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жол инфрақұрылымы мен туристік бағыттардағы санитарлық–гигиеналық жағдайлар қаралды.

Туризм саласы – күн тәртібіндегі маңызды бағыттардың бірі. Бұл мәселе Үкімет деңгейінде көтеріліп, Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау мақсатында кеңестер өткізілген болатын. Туристік әлеуеті жоғары Шығыс Қазақстанда бұл тақырыптың өзектілігі ерекше. Жалпы, облыстық Туризм басқармасының деректеріне сәйкес, келуші қонақтар саны тұрақты өсім көрсетуде. 2025 жылдың алғашқы тоқсанында Шығыс Қазақстанға 100 мың турист келген. Оның ішінде 95 мыңы – отандық саяхатшылар (өткен жылмен салыстырғанда өсім 27%), ал 5 мыңы – шетелдік қонақтар (өсім 50%). Облыста 371 туристік нысан жұмыс істейді. Олардың қатарында қонақ үйлер, демалыс базалары, пантымен емдеу орталықтары мен экологиялық бағыттағы қонақүйлер бар.

– Мемлекет басшысы көтерген мәселелер біздің өңірде де аз емес. Қалалар мен аудандардың әкімдері баяндаманы әсерлі жеткізгенімен, орындалмай жатқан шаруалар жеткілікті, – деді Нұрымбет Аманұлы.

Туристік аймақтардағы инфрақұрылым мен қызмет сапасына байланысты тұрғындардан шағымдар да баршылық. Мәселен, Алтай ауданынан – бес, Ұлан ауданынан – үш, Өскемен қаласынан – төрт шағым тіркелген. Қонақтардың дені санитарлық-гигиеналық тораптардың аздығы, интернет сапасы, ауызсуға қолжетімділік және қызмет құнының жоғарылығына қатысты назын білдірген.

Жиында Ұлан және Алтай аудандарының әкімдері осы мәселелер бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы баяндама жасады. Осы орайда өңір басшысы Алтай ауданының әкімі Ренат Құрмамбаевқа күтпеген сұрақ қойды:

– «Центральный» қонақ үйінде Австриядан келген туристің сырғасы жоғалғанынан хабардарсыз ба? – деп облыс әкімі қауіпсіздік мәселелерін назардан тыс қалдырмау қажеттігін баса айтты.

Биыл Шығыс Қазақстанда алғаш рет туристік нысандарға апаратын жолдар бойына санитарлық-гигиеналық тораптар орнату жұмыстары басталды. Жыл басынан бері «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ төрт нысан орнатты. Жыл соңына дейін тағы тоғыз торап іске қосылады.

Облыс елді мекендерінің 97%-ы бүгінде мобильді интернетпен қамтылған. Бұл да туристер үшін қолайлы жағдай жасаудың маңызды бөлігі болып отыр.

Өңірге келушілер санын арттыру мақсатында түрлі имидждік іс-шаралар тұрақты түрде өткізіліп келеді. Олардың қатарында «Шығыс салбұрыны» бүркітшілер фестивалі, «AltaiFest», қысқы «Бұқтырма балықшысы», «Алтай – түркі әлемінің алтын бесігі» сынды танымал шаралар бар. Биыл алғаш рет халықаралық «Аңшылық туризм» фестивалі өтеді деп жоспарланып отыр. Ол 25-27 шілде күндері ұйымдастырылады.

Сонымен қатар биыл туристер көп шоғырланатын аймақтарда көшпелі кеңестер өткізу тәжірибесі қолға алынған. Мұндай жиындар Ұлан ауданындағы Шалқар (Сібе) көлінде және Алтай ауданының Жаңа Бұқтырма кентінде өтті. Бұл – демалушылардың қажеттіліктері мен қауіпсіздік мәселелерін жедел шешуге бағытталған қадам.

Кеңес қорытындысы бойынша облыс әкімі бірқатар нақты тапсырма берді:

– Қалалар мен аудандардың әкімдері барлық демалыс аймақтарын толық ретке келтіру бойынша шаралар қабылдауы тиіс. Жолаушылар көлігі басқармасы «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ филиалымен бірлесіп, туристік бағыттар бойындағы барлық санитарлық-гигиеналық тораптарды ашу және оларды қосымша орнату бойынша ұсыныстар енгізуі қажет. Сондай-ақ жол бойындағы барлық сервистік нысандарды тексеріп, олардың айналасындағы санитарлық-гигиеналық ахуалды ретке келтіру қажет, – деді Нұрымбет Сақтағанов.

Өңір басшысы туристердің жеке қауіпсіздігін, қызмет көрсету сапасын, жергілікті жерлердегі тауар құнының қымбаттап кетпеуін назарға алуды тапсырды. Сондай-ақ әкімдерге аптасына кемінде екі рет жағажайларға барып, демалушылардың жай-күйі мен сұраныстарымен танысып отыруды тапсырды.

– Театр киім ілгіштен басталса, туризм әуежайдан, вокзалдан, автожолдан басталады. Қала, аудан әкімдері есептерінде бәрін көркемдеп баяндайды, бірақ әлі де атқарар іс көп. Әсіресе, жолдар мен туристерге арналған жағдайларды толық қайта тексеру керек, – деді аймақ басшысы.

Сонымен қатар әуежайлар мен вокзалдарды цифрландыру және облыстың туристік интернет-платформасына көшіру, барлық қоғамдық жағажайларды абаттандыру, киім ауыстыратын бөлмелер, санитарлық-гигиеналық тораптар мен күркелер орнату, полиция тарапынан қоғамдық демалыс орындарында тұрақты патрульдеуді қамтамасыз ету міндеті жүктелді.

ҚОНЫС АУЫСТЫРУ

Шығысқа бет алған көш:

Мемлекеттен – қолдау, халықтан – сенім

Арайлым ОРСАРИНОВА
Жібек НҰРАХМЕТ

Ағымдағы жылы еңбек күші артық өңірлерден еңбек ресурсы тапшы аймақтарға қоныс аудару жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жалғасуда. Аталған бағдарлама аясында еліміздің оңтүстік өңірлерінен Шығыс Қазақстан облысына 40–қа жуық адамнан тұратын үміткерлер делегациясы келді.

Бұл – жаңа өмір бастауға сеніммен басқан алғашқы қадам. Оңтүстік өңірден шығысқа өз еркімен қоныс аударуға ниет білдірген жандарды Өскемен қаласының кіреберіс қақпасынан жергілікті атқарушы орган өкілдері мен өнерпаздардан құралған топ жылы шыраймен қарсы алып, ерекше сый-құрмет көрсетті.

Кездесуде өңірге келген азаматтар Ұлан ауданы әкімдігінің өкілдерінен аудандағы бос жұмыс орындары туралы мәлімет алды. Сонымен қатар олар «Тәуелсіздік монументіне» барып, тарихи нысанмен танысты.

Іс-шараны облыстық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасы мен өңірлік еңбек мобильділігі орталығы ұйымдастырған.

– Жалпы, бекітілген квота бойынша 372 азаматты қабылдай аламыз. Қазіргі таңда бұл квотаның 70%-ы орындалды. Шығысқа көшіп келеміз дегендерге мемлекет тарапынан субсидиялар қарастырылған. Бұған қоса, жергілікті тұрғындар да көмектесуге ниетті. Ауыл ақсақалдары отбасылар көшіп келсе, мал ұстау, отын-көмір жеткізу сияқты шаруаларда қолғабыс етеміз деп отыр. Бүгін Түркістан, Алматы облыстары мен Шымкент қаласынан бір автобус үміткер келді. Енді оларды жаңадан құрылған шекаралық аудандардың тыныс-тіршілігімен таныстырамыз, – деді облыстық еңбек мобильділігі орталығының басшысы Арайлым Есімбекова.

Мемлекеттік бағдарлама қатысушылары Самар, Үлкен Нарын, Марқакөл, Күршім, Тарбағатай, Зайсан және Катонқарағай аудандарын аралап көреді. Мақсат – үміткерлердің қоныс аудару туралы нақты шешім қабылдауына ықпал ету. Осылайша, еңбек ресурстарын тиімді үлестіру арқылы ауылдық елді мекендерді дамыту.

Қоныс аударушыларға жұмыс, тұрғын үй және әлеуметтік қолдау бойынша толық ақпарат берілуде. Арайлым Есімбекованың айтуынша, өңірде дәрігерлер, медбикелер, фельдшерлер, сондай-ақ, педагогтер, атап айтқанда, ағылшын тілі, математика, орыс тілі, дене шынықтыру пәндері мен бастауыш сынып мұғалімдері жетіспейді.

Сонымен қоса Зайсан мен Катонқарағай аудандарында халықаралық әуежай құрылысы жүріп жатқандықтан, әуежай қызметін меңгерген, арнайы білімі бар мамандарға да сұраныс артуда. Сол себепті, әуежай саласының жұмысын жақсы білетін, көпбалалы әке Катонқарағай ауданына барып, ондағы жағдаймен танысып көруге шешім қабылдаған.

Оңтүстіктен келген үміткерлер арасында білікті мамандармен қатар, көпбалалы отбасылар мен еңбекке бейім жастар да бар. Олар өздеріне қолайлы өмір сүру ортасын табу үшін жайлы қоныс іздеп жүр.

– Мен Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылынан келдім. Жасым 27-де. Үш баланың анасымын. Бұл жаққа қоныс аудару туралы нақты шешім қабылдамас бұрын, бәрін өз көзімімен көргім келді. Шынымен де табиғаты көркем, жасыл желекке оранған өңір екен. Мал бағуға, егін егуге қолайлы. Суы да мол. Мұнда әр адамға 275 мың теңгеден төленеді және сатып алатын үйіміздің 50%-ын мемлекет өтеп береді дейді. Бұл – мен үшін үлкен көмек. Алматыда ондай мүмкіндік жоқ. Сондықтан осында көшіп келгім келеді, – дейді үміткер Оразхан Жабаева.

Мемлекеттік бағдарламаның басты мақсаты – көшіп келген азаматтардың жаңа қонысқа бейімделіп, ел қатарлы өмір сүріп кетулеріне бар жағдай жасау. Оларды тұрақты жұмыспен қамту және ел ішіндегі демографиялық әрі экономикалық теңгерімді қамтамасыз ету. Өз болашағын Шығыс Қазақстанмен байланыстыруға ниетті әр отбасының болашаққа жасаған қадамы – ынтымақ пен берекенің бастауы. Ең маңыздысы – осыны жүзеге асыру үшін жан-жақты қолдау көрсетіліп, көп мүмкіндіктер қарастырылған. Енді сол мүмкіндіктерді ұтымды пайдалану – әр азаматтың өз қолында.